- Бұл аспап дене мүшесінің, сенсорлық немесе ақыл-ойының қабілеттері шектеулі не болмаса тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалардың (балаларды қоса алғанда), егер олар бақылауда болмаса немесе өздерінің қауіпсіздігіне жауапты тұлға аспапты пайдалануға қатысты егжей-тегжейлі түсіндірмесе, пайдалануына арналмаған. Балалар аспаппен ойнамауы үшін, олар бақылауда болуға тиіс. (Бұл ескерту ЕУРОПА нарығына арналмаған)
- Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар және дене мүшесінің, сенсорлық немесе психикалық кемістігі бар, тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалар, егер оларды аспапты тиісінше пайдалануға үйреткен болса немесе оны бақылауда жүріп, сондай-ақ ықтимал қауіптерді түсініп пайдаланса, пайдалануына болады. Балалардың аспап жанында ойнауына болмайды. Балалардың аспапты бақылаусыз пайдалануына тыйым салынады. (Бұл ескерту ЕУРОПА нарығына арналған)
- Машина табанының астында кілем жоқтығына және кілемнің машина булықтарының алдын бөгемейтініне көз жеткізіңіз.
- 3 жасқа толмаған балалар үнемі бақылауда болмаса, оларды аулағырақ ұстаған жөн.
- Бұл бұйым үй жағдайында және ұқсас аумақтарда пайдалануға арналған, мысалы:
 - дүкендегі, кеңседегі және басқа да өндірістік үй-жайдағы қызметкерлерге арналған асүй аймағы;
 - ауыл үйлері;
 - мейманхана, мотель және басқа да тұрғын үй-жайдың клиенттері үшін;
 - «төсек және таңғы ас» типіндегі мекемелер;
 - көппәтерлі үйлердегі немесе өзіне-өзі қызмет көрсететін кір жуатын орындардағы ортақ пайдаланылатын үй-жайлар.
- Желідегі кернеу мен жиілік кір жуғыш машинаныкіндей екеніне көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында қуат көзі баусымының ашасы жерге қосылған резеткіге қондырылуға тиіс. Резеткіңіздің жарамдылығын және жерге жақсылап қосылғанын мұқият тексеріп, көз жеткізіңіз.

Қауіпсіздік техникасы



- Кір жуғыш машинанікінен аз номиналды тоғы бар резеткілерді пайдаланбаңыз.
- Бөлшектері жоқ немесе сынған кір жуғыш машинаны іске қоспаңыз.
- Ашаны дымқыл қолмен резеткіден еш уақытта суырмаңыз.
- Тозған қуат көзінің баусымын, босаған ашаларды/резеткілерді дереу ауыстырыңыз.
- Тазалар немесе жөндер алдында кір жуғыш машинаны желіден ажыратыңыз.
- Есікті ашпай тұрып, барабаннан су ағызылған ба, тексеріңіз. Су көрініп тұрса, есікті ашпаңыз.
- Жұмыс кезінде шыны есік өте ыстық болуы мүмкін. Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрған кезде балалар мен үй жануарларын одан аулақта ұстаңыз.
- Су және электр қосылымдарын өндірушінің нұсқаулары мен жергілікті қауіпсіздік ережелеріне сәйкес білікті адамның орындағанына көз жеткізіңіз.
- Бұл машинаны пайдаланар алдында қаптамалардың бәрін шешіп, тасымалдау бұрандарын ағытып алу қажет. Әйтпесе кір жуғыш машина кір жуу кезінде қатты зақымдалуы мүмкін.
- Тез жанғыш, жарылу қаупі бар немесе уытты заттарды пайдалануға тыйым салынады. Жуғыш зат ретінде бензинді, спиртті және т.б. пайдалануға болмайды. Тек машинада жууға жарамды жуғыш заттарды ғана таңдаңыз.
- Кір жуғыш машина кір жуған ыстық суды ағызып жатқанда, күйіп қалмау үшін абай болыңыз.
- Кір жуғыш машинаны ешқашан қуат көзінің баусымынан тартып өшірмеңіз. Қашан да ашадан мықтап ұстап, оны резеткіден суырыңыз.
- Ескі аспабыңыз бұдан былай пайдаланылмайтын болса, есігін алып, қуат көзінің баусымын кесіп тастауға кеңес береміз.
- Қаптама материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Қаптама материалдарының барлығын (пластик пакеттер, пенопласт және т.б.) балалардан аулақ ұстаңыз.
- Машинаның жоғарғы қақпағына шықпаңыз және отырмаңыз.
- Үй жануарлары мен балалар машинаның ішіне кіріп кетуі мүмкін. Әрбір кір жуар алдында машинаны тексеріңіз.
- Кір жуғыш машинаның есігіне сүйенбеңіз.

Маңызды кеңестер

- Тұрмыстық кір жуғыш машина кіріктіруге арналмаған.
- Бұл кір жуғыш машина тек үй-жайда ғана пайдалануға арналған.
- Киім қалталарының бәрі бос екеніне көз жеткізіңіз. Тиын, тана-седеп, шеге, бұраншеге, тас және т.б. сияқты өткір және қатты нәрселер кір жуғыш машинаның қатты зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Киімді жуып болысымен бірден су мен электрді өшіруді ұмытпауыңызды өтінеміз.
- Кір жуғыш машинаны моншада немесе өте ылғалды үй-жайларда, сондай-ақ жарылу қаупі бар немесе күйдіргіш газдары бар үй-жайларда орнатуға болмайды.
- Алғашқы кір жуардың алдында кір жуғыш машина ішіне киім салынбай барлық процедураның бір циклі бойы жұмыс істеуге тиіс.
- Пайдаланушыға арналған жөндеу жөніндегі нұсқаулықта арнайы кеңес берілмейінше және оны істерлік біліміңіз бен машығыңыз болмаса, кір жуғыш машинаның қандай да бір бөлігін жөндемеңіз және ауыстырмаңыз.
- Болат сымтемірден жасалған кіріктірмесі бар емшекқап пен кілемдерді жууға тыйым салынады.
- Кір жуылып жатқанда суды ешқашан қолмен құймаңыз.
- Бағдарлама аяқталғаннан кейін есікті ашпай тұрып екі минут күтіңіз.
- Машинаны пайдаланардан бұрын алдымен жиналған суды машинадан ағызу қажет. Машинамен абайлап жұмыс істеңіз. Көтерген уақытта машинаның шығыңқы бөліктерінен ешқашан ұстамаңыз. Тасымалдау кезінде машинаның есігін тұтқа ретінде пайдалануға болмайды.
- Суық су құбырына тек бір кері қысымтығыны бар кір жуғыш машинаны ғана қосуға болады. Қосарлы кіріс клапандары бар кір жуғыш машинаны ыстық және суық суға қосуға болады.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ САҚТАҢЫЗ

МАШИНА ТЕК ТҰРМЫСТЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН



Кір жуғыш машинаны орнату

ЕСКЕРТПЕ

Жаңа кір жуғыш машинаңызды тұрмыстық техника бойынша білікті маман орнатсын деп кеңес береміз. Өзіңізде кір жуғыш машинаны орнату дағдысы бар деп есептесеңіз, орнатар алдында орнату жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.

■ Қажетті құрал-сайман


Кір жуғыш машинаны орнату үшін сізге мынадай құрал-сайман қажет болуы мүмкін:

- Қайшы
- Тістеуік
- Стандартты бұрауыш
- Қолғап
- Сомын кілті

■ Кір жуғыш машинаның қаптамасын ашу

Кір жуғыш машинаның қаптамасын ашып, тасымалдау кезінде зақым келмеген бе, тексеріңіз. Сондай-ақ жиынтықтағы пакетте барлық нәрсенің (төменде көрсетілгендей) бар екеніне көз жеткізіңіз. Кір жуғыш машина тасымалдау кезінде зақымдалған болса, қайсыбір заты жоқ немесе зақымдалған жағдайда, дереу жергілікті дилерге хабарласыңыз.

***Егер кір жуғыш машинаның қос кірісі болмаса, машинада ыстық су келетін құбыршек болмайды.**

Су құятын құбыршек (сумын қамтуға қосу)	Ыстық суды құюға арналған құбыршек (ыстық сумен қамтуға қосу)	Бітеуіш (4 дана) (тасымалдау бұрандарының астындағы төсікті жабу үшін пайдаланылады)	Ағызу құбыршегің бекіткіштің қапсырмасы (ағызу құбыршегінің ұшын бекіту үшін пайдаланылады)	Сомын кілті (1. Машинаның төменгі бөлігін реттеу үшін пайдаланылады. 2. Машинаның артқы бөлігіндегі тасымалдау бұранын ағытып алыңыз)
				

■ Орналасатын орынды таңдаңыз

Орнатар алдында мынадай сипаттамалары бар орынды таңдау қажет:


- Қатты, құрғақ және тегіс бет (егер ол тегіс болмаса, оны келесі «Реттелетін аяқ» суретіне сәйкес тегістеңіз).
- Тікелей түсетін күн сәулесінен аулақ болсын.
- Желдетілуі жеткілікті.
- Қоршаған ортаның температурасы 0-40°C шегінде болуға тиіс.
- Қоршаған ортаның ылғалдылығы 95%-дан төмен (25°C температура кезінде) болуға тиіс.
- Көмір немесе газ сияқты жылу көздерінен аулақ ұстаңыз. Кір жуғыш машина қуат көзінің баусымында тұрмайтынына көз жеткізіңіз. Кір жуғыш машинаны кілем үстіне орнатпаңыз.

Кір жуғыш машинаны орнату


■ Тасымалдау бұрандарын ағытып алыңыз.

Кір жуғыш машинаны пайдаланар алдында ол машинаның артқы жағынан тасымалдау бұрандарын ағытып алу қажет. Бұрандарды алу үшін мына әрекеттерді орындаңыз:


⚠️ Одан арғы пайдалану үшін тасымалдау бұрандарын лайықты түрде сақтаңыз.



1. Төрт тасымалдау бұрананың сомын кілтімен босатыңыз.



2. Әрбір бұрананың басынан ұстап тұрып, оны тесіктің кең бөлігі арқылы тартыңыз. Осы процедураны әр бұран үшін қайталаңыз.



3. Тесіктерді қоса берілген пластик бітеуіштермен жабыңыз.


■ Кір жуғыш машинаны туралап қойыңыз

Кір жуғыш машинаны қоршаған ортаның температурасы 0°C-тан кем емес жағдайда орнатыңыз немесе орналастырыңыз, бірақ ашық ауада болмасын, өйткені одан бағдарламалау бақылағышының зақымдалуы мүмкін.




Зауыттық күйі



- Корпустың төменгі бөлігіндегі бөгеткіш сомын
- Бөгеткіш сомынның қасындағы тірейтін аяқ



⚠️ Ескертпе: орнатуды жеңілдету үшін аяқтың зауыттық күйі толық бұғатталмаған болуы мүмкін, деңгейді реттер алдында төрт аяқтың бәрін де міндетті түрде бұғаттаңыз.




2. Машинаны орнатқаннан кейін кір жуғыш машинаның үстіңгі қақпағының қарама-қарсы бұрышын екі қолыңызбен кезек-кезек басып, тірейтін аяғы еденге жақын тұрғанын және машинаның селкілдемейтінін тексеру үшін оны тігінен төмен қарай шайқаңыз.



4. Ақырында, бөгеткіш сомынды бұғаттау үшін оны қайтадан корпусың түбіне бұру үшін сомын кілтің пайдаланыңыз (сондай-ақ сіз тірейтін аяқты қайта қозғалуын болдырмау үшін тірейтін аяқты қолмен де аздап бекітіп қоюыңызға болады).

Тірейтін аяқтардың одан ары қозғалмайтынына көз жеткізіңіз



⚠️ АБАЙЛАҢЫЗ




1. Машина түзу тұруға тиіс: тірейтін аяқтардың төртеуі де еденге тұруға тиіс. Машина түзуленді деген шартпен, аяқтарды мүмкіндігінше төмен түсіріңіз.
2. Деңгейдің дұрыс реттелмеуі қатты шу, діріл, машинаның жылжуын және басқа қалыпсыз құбылыстарды тудыруы мүмкін.
3. Булық машинаның төменгі жағында орналасқан (бітелудің алдын алады). Кір жуғыш машинаны қатты, тегіс және тайғақ емес бетке орнатыңыз. Жарақат алмау үшін кір жуғыш машинаны жұмсақ көрпе үстіне немесе ағаш еденге, түрлі үстелдер мен тұғырларға қоймаңыз.

Кір жуғыш машинаны орнату

Бірге берілетін су құбыршегі үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін. Бірге берілетін су құбыршегіне сәйкес нұсқауларды орындауыңызды өтінеміз.




■ Су құятын құбыршекті жалғаңыз

Суқұбырдың бұрамалы шүмегіне қосу





1. Су құбыршегінің суқұбырдың шүмегіне жалғаңыз, сосын қосқышты суретте көрсетілгендей етіп сағат тілі бағытымен бұраңыз.
2. Су құбыршегінің келесі ұшын кір жуғыш машинаның артқы тақтасындағы енгізу қысымтығына жалғаңыз. Тарту үшін құбыршекті сағат тілі бағытымен бұраңыз.
3. Суқұбырдың шүмегін ашыңыз да, қосылым орындарында жылыстау жоқ па, тексеріңіз. Егер жылыстау болса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Суқұбырдың бұрамасыз шүмегіне қосу



1. Ауыстырғышты (A) су құбыршегінен (B) алыңыз.
2. Phillips бұрауышымен бейімдегіштегі төрт бұранданы босатыңыз.
3. Бейімдегішті ұстап тұрып, (C) бөлігін 5 мм (*) босату үшін оны меңзердің бағытымен бұраңыз.




4. Бейімдегішті шүмекке қондырыңыз да, бейімдегішті көтеріп тұрып, бұрандаларды тартыңыз.
5. (C) бөлігін тарту үшін оны меңзердің бағытымен бұраңыз.
6. Су құбыршегінің (D) бөлігін төмен тартып, су құбыршегі бейімдеуішке қосыңыз. Сосын (D) бөлігін жіберіңіз. Құбыршек бейімдеуішке шырт етіп түседі.
7. Су құбыршегінің қосуды аяқтау үшін «Суқұбырдың бұрамалы шүмегіне қосу» бөліміндегі 2 және 3-тармақтарды қараңыз.

Кір жуғыш машинаны орнату



⚠ ЕСКЕРТПЕ

- Егер құбыршекті жалғаған соң жылыстау болса, су құятын құбыршекті жалғауға арналған қадамдарды қайталаңыз.
- Құбыршекті майыстырмаңыз.
- Кір жуғыш машинаны әр пайдаланардың алдында су құятын құбыршектің қосылымын мұқият тексеріңіз.



■ Ағызу құбыршегін жалғаңыз

- Ағызу құбыршегі еденнен 65-100 см биіктікте орналасуға тиіс, әйтпесе судың қайтуы нашар болуы мүмкін.
- Ағызу құбыршегін қабырғаға, тікқұбырға немесе кір жуатын бакқа бекіту үшін Сіз қоса берілген ағызу құбыршегін бекіткіштің қапсырмасын пайдалана аласыз.
- Құбыршектердің барлық қосылымы тартылғанына көз жеткізіңіз.



⚠ ЕСКЕРТПЕ

- Ағызу құбыршегінің ұшын суға батыруға болмайды.

■ Қуат көзін қосыңыз

- Аспап арқылы өтетін ең үлкен тоқ 10А болғандықтан, қыздыру функциясын пайдаланғаныңызда үйіңіздегі электр қуат көзінің жүйесі (тоқ, қуат көзінің кернеуі және сымдар) электр құралдарының жүктемесіне қойылатын стандартты талаптарға сай екеніне көз жеткізіңіз.

- Қуат көзін дұрыс орнатылған және жерге тұйықталған резеткіге қосыңыз.
- Қуат көзінің кернеуі машинаның номинал кернеуіне сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.
- Қуат көзінің ашасы резеткіге сәйкес келуге тиіс.
- Әмбебап ашаны немесе резеткіні ұзартқыш ретінде пайдаланбаңыз.
- Ашаны дымқыл қолмен қоспаңыз және суырмаңыз.
- Ашаны суырған кезде ашадан мықтап ұстап, сосын оны шығарыңыз. Қуат көзінің баусымын күшпен тартпаңыз.
- Егер қуат көзінің баусымы зақымдалса немесе қандай да бір үзілу белгісі болса, өндірушіден немесе қызмет көрсету орталығынан ауыстыру үшін арнайы қуат көзінің баусымын таңдау немесе сатып алу қажет.



Кір жуғыш машинаны орнату

ЕСКЕРТУ

1. Бұл машина жерге дұрыс қосылған болуға тиіс. Жерге қосу қысқа тұйықталу жағдайында электр тоғынан зақым алу қаупін азайтады.
2. Кір жуғыш машина басқа электр аспаптарынан бөлек тізбекте жұмыс істеуге тиіс. Өйтпесе қуат көзін қорғау құрылғысы жұмыс іске қосылуы немесе сақтандырғыш жанып кетуі мүмкін.




Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

ЕСКЕРТПЕ

Пайдаланар алдында машинаның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Алғашқы кір жуардан бұрын толық жуу циклін кірді салмастан іске қосу қажет.

Мына қадамдарды орындаңыз:

1. Қуат көзі мен суды қосыңыз.
2. Науаға аздап жуғыш затты (шамамен 10 г) салыңыз да, оны жабыңыз.
3. Қуат көзін  қосыңыз, машинаны іске қосу үшін тұтқаны солға/оңға бұраңыз.
4.  «Мақта» бағдарламасын таңдау үшін тұтқаны бұраңыз.
5.  (Іске қосу/Үзіліс) батырмасын басыңыз.

Бұл процедура өндірушінің сынама іске қосуынан кейін машинада қалған суды кетіреді.

■ Киімді сұрыптаңыз

Кір машинаға қатысты қиындық туындамауы және киімнің зақымдалмауы үшін осы нұсқауды мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.

1. Барабанның жүктелуін ең үлкен шекті салмағынан асырмаңыз.

2. Кірді түсі бойынша және затбелгідегі кеңестерге сәйкес сұрыптаңыз. Киімдердің көпшілігінің жағасында немесе бүйір тігісінде матаның күтімі жөнінде мәлімет бар затбелгі болады.



3. Қалталардың бәрі бос екеніне көз жеткізіңіз. Бөгде заттар (мысалы, шеге, тыйн, қағаз қыстырғыш және т.б.) киім мен машина бөлшектерін зақымдауы мүмкін.

4. Кір жуар алдында барлық сыдырманы, ілмекті және т.б. жабыңыз.

5. Кір жуар алдында киімді түсі бойынша сұрыптаған жөн. Қара түсті киімді ақшыл киіммен бірге жууға болмайды.

6. Қатты ластанған тұстарды, дақты және т.б. сұйық жуғыш затпен, дақ кетіргішпен және т.с.с. алдын ала өңдеген жөн.

7. Машинаға салар алдында жабағыланып қалатын және беті жүнді киімдердің өңін айналдырыңыз.





 **ЕСКЕРТПЕ:** Есік пен тығыздағыш арасында киім қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

■ Жуғыш зат салыңыз




Жуғыш затқа арналған науаны суырып шығарыңыз.

- I бөлікке алдын ала жууға арналған жуғыш затты қосыңыз. Ол тек алдын ала жуу бағдарламаларында пайдаланылады (1-нұсқа: кір жуғыш ұнтақ; 2-нұсқа: кір жууға арналған гель).
- II бөлікке негізгі жууға арналған жуғыш затты қосыңыз (1-нұсқа: кір жуғыш ұнтақ; 2-нұсқа: кір жууға арналған гель).
-  бөлігіне кондиционер қосыңыз.
- Су мен электр қуатын аз тұтынған кездегі ең жақсы нәтижені алу үшін, жуғыш заттың түрлі жуу температурасына жарамды түрін таңдап алыңыз.
- Жуғыш затты/кондиционерді тек бір рет қосқан жөн. Жуғыш заттың/кондиционердің мөлшерлемесін өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.
- Шектен тыс жуғыш зат көп көбік түзеді, бұрқырап, оның еруіне кедергі келтіреді, бұл шаю кезіндегі қиындыққа әкеп соқтырады.



Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

■ Кір жуу кезеңдері

<p>1 Су құятын құбыршекті жалғап, шүмекті ашыңыз</p> 	<p>2 Қуат көзінің ашасын қондырыңыз</p> 	<p>3 Ағызу құбыршегін орнатыңыз</p> 	<p>4 Есікті ашып, барабанға киімді салыңыз да, есікті жабыңыз. Науаға жуғыш зат салып, оны жабыңыз;</p>
--	---	---	---

 <p>Мисс</p> <p>Супер быстрая</p> <p>Шерсть</p> <p>Рубашки</p> <p>Спорт/Мембрана</p> <p>Постельное белье с паром</p> <p>Интенсивная с паром</p> <p>Allergy Care с паром</p> <p>Хлопок</p> <p>Предварительная стирка</p> <p>ЕСО 40-60°C</p> <p>20°C</p> <p>Бережная</p> <p>Очистка барабана</p> <p>Отжим</p> <p>Полоскание и отжим</p>			
<p>6 Қажетті бағдарламаны таңдаңыз</p>	<p>7 Кідіру уақыты, температура, сығу жылдамдығы, басқа да баптаулар және т.б. сияқты көрсеткіштерді баптаңыз.</p>	<p>8 Іске қосу батырмасын басыңыз.</p>	<p>9 Қуат көзінің батырмасын басыңыз</p>






- Кір жуғыш машинаны қосу үшін Power **On/Off** батырмасын басыңыз.
 - Циклді таңдау үшін цикл таңдау тұтқасын бұраңыз.
 - Қажет болса, циклдің баптауларын (температура, сығу және т.б.) өзгертіңіз.
 - Жуу циклін қалаған уақытта аяқтағыңыз келсе, кейінге қалдырылған қосылуға қойыңыз.
 - **Іске қосу/Үзілісті** **▷||** басыңыз.
- Жұмыс істеп тұрғанда циклді өзгерту
- Жууды тоқтату үшін **Іске қосу/Үзілісті** **▷||** басыңыз.
 - Басқа циклді таңдаңыз.
 - Жаңа циклді бастау үшін **Іске қосу/Үзілісті** **▷||** қайта басыңыз.

Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

■ Басқару тақтасы

* Келесі суретте үлгінің басқару тақтасының қарапайым мысалы көрсетілген. Сурет тек анықтама үшін берілген. Нақты бұйымды ескерген жөн.




01 Циклді таңдау тұтқасы	Циклді таңдау үшін тұтқаны бұраңыз.
02 Дисплей	Дисплейде ағымдағы цикл мен болжалды қалған уақыт туралы ақпарат немесе проблема туындаған жағдайда ақпараттық код көрсетіледі.
03 Темп. 	Ағымдағы циклде су температурасын өзгерту үшін басыңыз. Температураның қолжетімді ауқымы циклге байланысты. Таңдалған температура дисплейде көрінетін болады.
04 Сығу 	Ағымдағы цикл үшін сығу жылдамдығын өзгерту үшін басыңыз. Қолжетімді сығу жылдамдығы циклге байланысты. Таңдалған сығу жылдамдығы дисплейде көрінетін болады.
05 Кейінге қалдырылған қосылу 	Кейінге қалдырылған қосылудың қолжетімді параметрлері (бір сағаттық қадамдармен 3-тен 24 сағатқа дейін) арасында ауысу үшін «Кейінге қалдырылған қосылу» батырмасын бірнеше рет басыңыз.
06 Іске қосу/Үзіліс 	Жұмысты бастау/тоқтата тұру үшін басыңыз. Циклді іске қосу үшін батырманы бір рет басыңыз. Жұмысты тоқтата тұру үшін батырманы тағы бір басыңыз. Сіз баптаулар мен цикл параметрлерін өзгерте аласыз. Тоқтата тұрған жұмысты жалғастыру үшін батырманы тағы бір басыңыз.
07 On/Off 	Кір жуғыш машинаны қосу/өшіру үшін басыңыз. Егер кір жуғыш машинаны қосып, оны 10 минут ішінде пайдаланбаса, ол автоматты түрде өшіп қалады.


Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы


Кейінге қалдырылған қосылу

Сіз кір жуғыш машинаны 3-тен 24 сағатқа дейін кейінге қалдырылған қосылуды таңдау арқылы (1 сағаттық қадаммен) жууды автоматты түрде кешірек аяқтайтын етіп баптай аласыз. Көрсетілген сағат кір жуу аяқталатын уақытты көрсетеді.

1. Циклді таңдаңыз. Сосын қажет болса цикл баптауларын өзгертіңіз.
2. Қажетті аяқталу уақыты қойылғанша «Кейінге қалдырылған қосылу» батырмасын бірнеше рет басыңыз.
3. **Іске қосу/Үзілісті**  басыңыз.

Сағат жұмыс істеп тұрса, сәйкес индикатор жанады.


4. **Кейінге қалдырылған қосылуды** болдырмау үшін  **On/Off** басып, **кір жуғыш машинаны қайта қосыңыз**. Мысал

Сіз екі сағаттық циклді 3 сағаттан соң аяқтағыңыз келеді. Ол үшін ағымдағы циклге «3 сағат» баптауымен «Кейінге қалдырылған қосылу» опциясын қосып, 14:00-де  **«Іске қосу/Үзілісті»** басасыз. Сонда не болады? Кір жуғыш машина 15:00-де жұмысын бастап, 17:00-де аяқтайды.


Бумен кір жуу белгісі

Бұл белгі үнемі жанып тұрса, бумен кір жуу функциясы қосұлы тұрғаны. Түрлі конфигурацияға байланысты кейбір үлгілерде бұл функция жоқ. Нақты үлгіге назар аударыңыз.

Балалардан бұғаттап қою

Балалармен жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін «Балалардан бұғаттап қою» функциясы  **On/Off-тан** басқа барлық батырманы бұғаттайды.


• Балалардан бұғаттап қою функциясын қосу немесе өшіру үшін **Темп.** және **Сығу** батырмаларын бір мезетте басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Балалардан бұғаттап қою функциясы іске қосылғанда индикатор  жанады.

Дыбыс өшірулі

Сіз циклдерді ажыратып-қосқыштың және барлық батырманың дыбысын қосып немесе өшіріп қоя аласыз.


* Дыбысты қосу немесе өшіру үшін **Сығу** және **Кейінге қалдырылған қосылу** батырмаларын бір мезетте басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Дыбыс өшірілгенде индикатор  жанады.

Есік құлпы

Есік дұрыс жабылмаған немесе құлыпталмаған кезде белгі жанбайды. Белгі жануы үшін есікті дұрыстап жабыңыз.

Қайта жүктеу

Іске қосу/Үзіліс  батырмасын 3 секунд бойы басып ұстаңыз. Құлыпты ашқаннан кейін ортасында зат қосу функциясын қосуға болады.

Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

■ Бағдарлама

Микс: Мақта мен синтетикадан жасалған киімдерді аралас жүктеуге арналған.

Супер жылдам: Тез жууды қажет ететін, салмағы 2,0 кг-нан аз онша кірлемеген киімдер үшін.

Жүн: Жүнді жуу циклі жүн талшықтарын апшудан/пішіні өзгеруден қорғау үшін киімді жұмсақ айналдыруды және жібітуді қамтиды. Бейтарап жуғыш затты пайдалануға кеңес беріледі.

Жейде: Бұл процедураны мақта, зығыр, синтетикадан немесе аралас маталардан жасалған жейделер үшін таңдауыңызға болады.

Спорт/Мембрана: Бұл процедура спорт киімін жуу үшін қолданылады.

Бұлы қарқынды: Қатты кірлеген заттарға арналған. Жұмыс уақыты басқа циклдерге қарағанда ұзағырақ.

Бұлы сейсеп: Бұл процедура әлдеқайда ауыр киімдерді жууға жарайды Джинсы, сейсеп және т.б.

Бұлы Allergy Care: Жоғары температурада жуу және қосымша шаю жуу құралының қалдығын тиімді кетіруге көмектеседі.

☐ **Мақта:** Мақта, сейсеп, ас жаулық, ішкиім, сүлгі немесе жейдеге арналған. Кір жуу уақыты мен шаю саны жүктемеге байланысты автоматты түрде реттеледі.

Алдын ала жуу: «Мақта» циклін іске қосардан бұрын алдын ала жууды қосыңыз.

ЕСО 40-60: Бір циклде, 40°C немесе 60°C температурада жууға болатыны мәлімделген жай кірлеген мақта-мата киімдерді жууға арналған. Бұл цикл ЕО-ның экологияландыру заңнамасына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылады. Бұл цикл әдепкі қалпы бойынша орнатылған.

20°C: Кейбір нәзік маталарды жуу үшін пайдаланылатын еуропалық стандартты жаңа арнайы процедуралар. 20°C температураны ғана таңдауға болады, қорғаныш киім.

Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

Күтімді: Тек қолмен жууға арналған мөлдір маталар, емшекқап, іш киім (жібек) және басқа маталар үшін. Барынша жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты пайдаланыңыз.


Барабанды тазарту: Кір мен бактерияларды кетіріп, барабанды тазартады. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.

Барабанды тазарту үшін жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Сығу: Қосымша сығу кірден ылғалды тиімді кетіруге мүмкіндік береді.

Шаю + Сығу: Кірге арналған кондиционер қолданылғаннан кейін қосымша шаю үдерісі қарастырылған.

■ Принциптік сұлба



Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

■ Жуу процедурасының кестесі

- Жуу тиімділігі мен сапасы пайдаланылатын жуғыш заттың сапасымен анықталады. Машинада жуу мақұлданған жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.
- Қажет болса, арнайы, мысалы синтетикалық және жүн маталарға арналған жуғыш затты пайдаланыңыз. Жуғыш затты өндірушінің кеңестерін әрдайым есте ұстаңыз.
- Трихлорэтилен және соған ұқсас өнімдер сияқты химиялық жуғыш заттарды пайдаланбаңыз. Ең жақсы жуғыш затты таңдаңыз.

Бағдарлама	Ең үлкен жүктеме (кг)	Уақыт	Температура	Бұрылады
Микс	0:45	3,5	(--) — 40	0 — 1000
Супер жылдам	0:18	2	(--) — 30	0 — 1000
Жүн	0:44	2	(--) — 40	0 — 600
Жейделер	0:45	2,5	(--) — 40	0 — 1000
Спорт/Мембрана	0:35	2,5	(--) — 40	0 — 800
Қарқынды	2:08	7	(--) — 60	0 — MAX
Булы сейсеп ☁	1:05	5	(--) — 60	0 — MAX
Булы Allergy Care ☁	1:32	3,5	(--) — 60	0 — MAX
☐ Мақта ☁	1:16	7	(--) — MAX	0 — MAX
Алдын ала жуу	1:48	5	(--) — MAX	0 — MAX
ECO 40-60	3:38/3:48/3:59	7	40	1200
20 °C	0:50	3,5	20	0 — 800
Күтімді	0:43	3,5	(--) — 40	0 — 800
Барабанды тазарту	1:23	0	60/95 (95)	800
Сығу	0:11	7	(--)	0 — MAX
Шаю + Сығу	0:17	7	(--)	0 — MAX

Г=гель/сұйық жуғыш зат Ұ=ұнтақ түріндегі жуғыш зат О=опционалды - =жоқ

Сұйық жуғыш затты қолданған кезде кейінге қалдырылған кір жууды пайдалануға кеңес берілмейді.

Біздің кеңесіміз: 20°C-тан 95°C-қа дейінгі температурада кір жууға арналған кір жуғыш ұнтақты; 20°C-тан 40°C-қа дейінгі температурада жүн жууға арналған жуғыш затты пайдалану;

*95°C жуу температурасын ерекше гигиеналық талаптар үшін ғана таңдаңыз.

Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

■ Басқа функцияларға қысқаша шолу

Есіктің құлпын ашу (кейбір үлгілерде қолжетімсіз)

■ Электр қуаты ұзақ сөнген кезде киімді алғыңыз келсе, барабандағы су деңгейі қауіпсіз деңгейден төмен екеніне, температура 40°C-тан төмен, ал ішкі барабан айналмайтынына көз жеткізіңіз, сосын ағызу құбыршегін ажыратып, төмен түсіріңіз, су ағып болған соң құбыршекті ауыстырыңыз;

■ Алдыңғы жақтың төменгі оң жақ бұрышындағы ағызу сорғысының қақпағын ашыңыз, болмашы дыбыс естілгенде сырықты сәл төмен тартыңыз, сосын есікті ашып, киімді шығарыңыз немесе салыңыз;

■ Ағызу сорғысының қақпағын орнына қойыңыз;

■ Бұл әдісті тек төтенше жағдайда ғана пайдалануға болады.



Жалғастыру функциясы

■ Бұл машинада қуат көзі өшкен жағдайда жұмысын жалғастыру функциясы бар. Егер машина жұмыс істеп тұрғанда қуат көзінің іркілісі болса немесе аша ажырап кетсе, машина жұмыс күйін жадында сақтап, қуат көзі қалпына келген соң жұмысын қайта бастай алады.

Жад функциясы (кейбір үлгілерде жоқ)

■ Бұл машина соңғы жұмыс үдерісін автоматты түрде жадында сақтай алады. Қайтадан қосқан кезде машина жуу үдерісін және сіз соңғы рет енгізген баптауларды жадында сақтайды (бұл машинаны іске қосқан кезде соңғы жуудың бүкіл жұмыс үдерісі әдепкі қалпы бойынша таңдалатынын білдіреді)

Киім салмағы туралы мәліметі болу

■ Кір жуудың басында машина киімнің салмағын бағалап, жуғыш затты автоматты түрде мөлшерлеп береді (ыдыста жуғыш зат жеткілікті болған жағдайда), сосын суды үнемдеу орындалуы үшін су мөлшерін анықтайды.

Кір жуғыш машинаның пайдаланылуы

Теңгерімсіздіктен қорғаныс

- Машина пайдалануға дайын болғанда, қатты теңгерімсіздіктің кесірінен кір жуғыш машинаға кірді теңдестіру үшін біраз уақыт қажет етілуі мүмкін.
- Егер осыдан кейін барабандағы кір сол қалпынша теңдестірілмесе, қатты дірілді болдырмау үшін сығу жылдамдығын азайтуға болады.
- Егер барабандағы кір тым аз болса, барабан теңгерімсіздіктен қорғанысқа бола айналмауы мүмкін, онда сіздің барабанды айналдыру үшін машинаға көбірек кір салғаныңыз жөн.

Тозандату (кейбір үлгілерде қолданылмайды)

- Бұл машинада жуғыш затты автоматты түрде мөлшерлеу технологиясы пайдаланылады; су жуғыш затқа арналған науадан ағып, жуғыш затты ішкі барабанға төгеді. Сондай-ақ машина бақылау терезесінің әйнегіне тозандатып су шашады, бұл киім мен терезедегі көбік пен дақты жақсырақ тазартады. Бұл жуу үдерісін әлдеқайда таза етіп, тиімділігі жоғары, су үнемдейтін әрі таза ортаны жасауға мүмкіндік береді!

Барабанның шамы (кейбір үлгілерде қолжетімсіз)

- Жуу тәртібінде бағдарламаның басында, бағдарламаның соңында және үзіліс кезінде кір жуғыш машина барабанының шамы жанады. Сіз кір жуғыш машинадағы заттардың күйін бақылап, ақылды жуудан ләззат алсаңыз болады.

Ескертпе: Өнім үлгісінің жаңаруына байланысты функциялар конфигурациясы осы суреттеуден өзгешеленуі мүмкін, стандарт ретінде үлгінің нақты функциясын алуыңызды өтінеміз!

Техникалық қызмет көрсету

Кір жуғыш машинаға дұрыс күтім жасау оның қызмет ету мерзімін ұзартуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Техникалық қызмет көрсетілер алдында ашаны резеткіден суырыңыз немесе қуат көзін өшіріңіз де, шүмекті жабыңыз.

■ Ішкі барабанды тазартыңыз


Барабан ішінде металл заттардан қалған тотты дереу құрамында хлор жоқ жуғыш заттармен жою керек. Ешқашан да металл жөкені пайдаланбаңыз.

■ Бетті тазартыңыз

1. Егер судың жылыстауы болса, оны дереу құрғақ матамен сүртіңіз. Кір жуғыш машинаға үшкір нәрселердің түсуіне жол бермеңіз.
2. Қажет болса, бетті сұйылтылған қажақсыз бейтарап жуғыш заттармен тазалауға болады.



Техникалық қызмет көрсету

■ Ағызу сорғысын тазартыңыз



Сүзгінің қақпағын суретте көрсетілгендей тиын сияқты құралдармен ашыңыз;

Сүзгіні бұрап алыңыз және ағызатын сорғының сүзгісінен бөгде заттарды кетіре отырып, судың қалдығына назар аударыңыз;






Сүзгіні қайта орнатыңыз.

■ Енгізу қысымтығының сүзгісін тазартыңыз.

Шүмек ашық тұрғанда енгізу сүзгісінде су жоқ немесе жеткіліксіз болса, оны тазалау керек.


1. Су қысымын төмендетіңіз:
 - а. Шүмекті жабыңыз.
 - б. «Сығудан» басқа кез келген циклді таңдаңыз.
 - в. Іске қосу/Үзіліс батырмасын басып, процедураны шамамен 40 секунд бойы жалғастырыңыз.
 - г. Қуат көзінің ашасын шығарыңыз.
2. Су құятын құбыршекті шүмектен алыңыз.
3. Сүзгіні шаю үшін суды пайдаланыңыз.
4. Су құятын құбыршекті қайта жалғаңыз.



Техникалық қызмет көрсету

■ Жуғыш затқа арналған науаны тазартыңыз.

Жуғыш затқа арналған науаның құрылысы машина үлгісіне байланысты. Жуғыш затқа арналған науаны тазарту үшін төмендегі суретте көрсетілген қадамдар мен әдістерді орындаңыз:



Ортақ мөлшерлегіш

■ Егер науада жуғыш заттың немесе кондиционер қалдығы болса:

Корпусты тартып, а суретінде көрсетілгендей етіп шектеу сырығын басыңыз; науаны толық шығарыңыз;

б суретінде көрсетілгендей етіп корпусты ашыңыз (оны баяу көтеріңіз) де, сифон пластинаны суырыңыз (оны көтеріңіз);

Жуғыш затқа арналған науа мен сифон түтігін жуу үшін құбыр суын немесе шөткені пайдаланыңыз;

Қақпақ пен сифон түтігін орнына қойып, науаны ішке қарай жабыңыз.

■ Корпусты шығарып алғанда суға арналған ыдысқа жуғыш заттан аздап түседі, бұл қалыпты жағдай.

Жуғыш затты кетірмеу үшін науаны қайта ашып-жаба бермеуге тырысыңыз;

■ Жуғыш зат төгілмеді ме, тексеріңіз, бұл машинаны реттеуде (мысалы, еңкейту, жылжыту және т.б.) қиындық тудыруы мүмкін (реттеуден бұрын науаны тартып алыңыз).

■ Қатудан кейін қалпына келтіру

Кір жуғыш машина 0°C-тан төмен температурада қатып қалуы мүмкін.

1. Кір жуғыш машинаны өшіріп, қуат көзінің баусымын ажыратыңыз.
2. Су құбыршегін босату үшін құбыр шүмегіне жылы су құйыңыз.
3. Су құбыршегін ажыратып, оны жылы сумен жібітіңіз.
4. Барабанға жылы су құйып, оны шамамен 10 минутқа қалдырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТПЕ

1. Кір жуғыш машинаны қайта пайдаланған кезде қоршаған орта температурасы 0°C-тан жоғары екеніне көз жеткізіңіз.
2. Егер кір жуғыш машинаңыз оңай қатып қалуы мүмкін үй-жайда болса, ағызатын және су құятын құбыршектерден қалған суды толық ағызыңыз.
3. Егер кір жуғыш машина қатып қалса, маманға жүгініңіз.

Ақаулықтарды іздеу және жою

МӘСЕЛЕЛЕР	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
Машинада аздап су қалды	Бұл қалыпты жағдай және зауытта жүргізілген сумен сынаудың нәтижесі болып табылады.
Кір жуғыш машина жұмыс істемейді	Қуат көзі баусымының ашасы жақсы қондырылған ба, тексеріңіз. Шүмек ашық па, тексеріңіз. «Қуат көзі» батырмасы басылып тұр ма, тексеріңіз. Іске қосу/Үзіліс батырмасы басылып тұр ма, тексеріңіз. Кейінге қалдырылған кір жуу функциясы қосылған ба, тексеріңіз.
Судың жылыстауы	Су құятын құбыршекті тексеріңіз және бекітіңіз. Ағызатын құбыршекті тазартыңыз да, қажет болса оны жөндеу үшін маманға жүгініңіз.
Қалыпсыз шу және күшті діріл	Тасымалдау бұрандары алынған ба, тексеріңіз. Аяқтар деңгей бойынша реттелген бе, тексеріңіз. Кір жуғыш машина қатты және тегіс еденде орнатылған ба, тексеріңіз. Ішінде шаш қыстырғыш немесе металл заттар жоқ па, тексеріңіз.
Жуу сапасы көңіл көншітпейді	Дұрыс процедураны таңдаңыз. Жуғыш заттың қажетті мөлшерін жуғыш зат қаптамасындағы нұсқауларға сәйкес қосыңыз.
Машина батырмаларды басқаннан кейін жауап бермейді	«Балалардан бұғаттап қою» функциясы қосылған ба, тексеріңіз. Алдымен Іске қосу/Үзіліс батырмасын, сосын басқа батырмаларды басыңыз.
Процедураның нақты орындалу уақыты көрсетілген уақытқа сәйкес келмейді	Барабандағы киім дұрыс таралған ба, тексеріңіз. Судың ағуы мен құйылуын тексеріңіз.
Кір жуғыш машина суды ағызу кезінде толып қалады	Ағызу құбыршегінің ең үлкен биіктігі 65 см-ден аспайды ма, тексеріңіз. Ағызу құбыршегі суға батырылмаған ба, тексеріңіз.

Ақаулықтарды іздеу және жою

ДИСПЛЕЙ	МӘНІ	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
E1	Судың құйылуы тым ұзақ	Шүмек ашық па, тексеріңіз. Су қысымы тым төмен емес пе, тексеріңіз. Су құятын құбыршек бұғатталып қалмаған ба, тексеріңіз.
E2	Судың ағып кетуі тым ұзақ	Ағызу сорғысы бұғатталып қалмаған ба, тексеріңіз. Қажет болса, техникалық маманға хабарласыңыз.
E3	Есіктің құлпы сынып қалды	Есікті қайтадан жақсылап жабыңыз. Есік пен тығыздағыш арасында киім қысылып қалмаған ба, тексеріңіз. Қажет болса, техникалық маманға хабарласыңыз.
E4	Машинада су тым көп.	су деңгейі жууға жарайтындай болғанша суды автоматты түрде ағызып жіберіңіз. Қажет болса, техникалық маманға хабарласыңыз.
E5	Электр қозғалтқыш істен шыққан	Техникалық маманға хабарласуыңызды өтінеміз.
E6	Жылытқыш жұмыс істемейді	Техникалық маманға хабарласуыңызды өтінеміз.
E7	Температура сезбегінің ақаулығы	Техникалық маманға хабарласуыңызды өтінеміз.
E8	Жүйелік тақша мен жиілік түрлендіргіштің пластинасындағы бағдарламалық/аппараттық жасақтаманың сәйкессіздігі	Техникалық маманға хабарласуыңызды өтінеміз.
E9	байланыс қатесі	Техникалық маманға хабарласуыңызды өтінеміз.
E9	Түрлендіргіштің бұзылуы	Техникалық маманға хабарласуыңызды өтінеміз.
E10	Процедураның орындалуы ажыратып-қосқыш көрсеткен циклге сәйкес емес.	Циклдерді ажыратып-қосқышты орындалып жатқан процедураға сәйкес циклге бұраңыз.
EP		

Ескертпе:

Мұнда көрсетілген ақаулық туралы білу үшін сатып алған нақты үлгіге сүйеніңіз. Әр түрлі үлгінің ақаулық көрсеткіші түрліше болады.

■ Матаның күтімі жөніндегі затбелгі

	Берік материал		100°C-тан аспайтын температурада үтіктеуге болады.
	Биязы мата		Үтіктеуге тыйым салынады
	Бұйымды 90°C температурада жууға болады.		Кез келген құралмен химиялық тазалауға болады
	Бұйымды 60°C температурада жууға болады.		Перхлоридпен, шақпаққа арналған бензинмен, таза спиртпен немесе тек R113-пен химиялық тазалау
	Бұйымды 40°C температурада жууға болады.		Тек авиациялық отынмен, таза спиртпен немесе R113-пен құрғақ тазалау
	Бұйымды 30°C температурада жууға болады.		Химиялық тазалауға болмайды
	Бұйымды қолмен жууға болады		Көлденең бетте кептіру керек
	Тек химиялық тазалау		Кептіру үшін ілуге болады
	Суық суда ағартуға болады		Ілгіште кептіру керек
	Ағартуға болмайды		Кептіргіш машинада қалыпты температурада кептіру керек
	200°C-тан аспайтын температурада үтіктеуге болады.		Кептіргіш машинада төмен температурада кептіру керек
	150°C-тан аспайтын температурада үтіктеуге болады.		Кептіргіш машинада кептіруге болмайды

■ Электр жүйесі туралы ескерту

Жануды, электр тоғының соғуын және басқа да жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін мыналарды есте сақтаңыз:

- Қуаттың затбелгісінде көрсетілген кернеуді ғана пайдалануға болады. Үйдегі кернеуге сенімсіз болсаңыз, жергілікті электрмен жабдықтау бюросына жүгініңіз.
- Қыздыру функциясын пайдаланған кезіңізде кір жуғыш машина арқылы өтетін ең үлкен ток 10А жетеді. Сондықтан қуат көзінің блогы (тоқ, кернеу және көбілі) машинаға арналған қалыпты жүктеме талаптарына сай екеніне көз жеткізуіңізді өтінеміз.
- Қуат көзінің баусымын тиісті түрде қорғаңыз. Қуат көзінің көбілі адамдарға немесе басқа нәрселерге тиіп, зақымданбауы үшін жақсы бекітілуге тиіс. Ашаның орналасуына ерекше назар аударған жөн.
- Қабырғадағы резеткіге артық жүктеме бермеңіз және көбілді ұзартпаңыз. Сымды шамадан тыс жүктеу жануға немесе электр тоғының соғуына душар етуі мүмкін. Ашаны резеткіден дымқыл қолмен суырмаңыз.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қуат көзі баусымының ашасы жерге қосылған резеткіге қондырылуға тиіс. Резеткіңіздің жерге қосылуы дұрыс және сенімді екенін мұқият тексеріңіз және көз жеткізіңіз.

■ Қоршаған ортаны қорғау

- Кір жуғыш машина қайта өңдеуге жарамды материалдардан жасалған. Егер сіз осы кір жуғыш машинаны кәдеге жаратпақ болсаңыз, жергілікті қалдықты кәдеге жарату ережелерін сақтаңыз. Кір жуғыш машинаны электр желісіне қосуға келмейтін етіп, қуат көзінің баусымын кесіңіз. Кір жуғыш машинаның ішінде кішкене жануарлар мен балалар кептеліп қалмауы үшін есікті алып тастаңыз.
- Жуғыш затты өндіруші ұсынған жуғыш зат мөлшерін асырмаңыз.
- Дақ кетіргіш пен ағартқышты жуу циклінің алдында тек өте қажет болған жағдайда ғана пайдаланыңыз.
- Толық жүктемені (нақты мөлшері пайдаланылатын бағдарламаға байланысты) ғана жуу арқылы су мен электр қуатын үнемдеңіз.
- Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату



Бұл таңбалама осы өнімді ЕО-ның бүкіл аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге жоюға болмайтынын көрсетеді. Қалдықтарды бақыланбайтын жоюдан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына ықтимал зиян келтірілмеуі үшін, материалдық ресурстарды тұрақты түрде қайта пайдалануға жағдай жасау үшін олардың қайта өңделуіне жауапкершілікпен қараңыз. Бұрын пайдаланылған аспапты қайтару үшін қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз немесе аспапты сатып алған сатушыға жүгініңіз. Олар бұл аспапты экологиялық қауіпсіз қайта өңдеуге қабылдай алады.

⚠ ЕСКЕРТПЕ:

1. Энергия тиімділігін бағалау «ECO 40-60» әдістемесі арқылы тексерілді.
2. Аспап туралы қосымша ақпарат алу үшін энергия тиімділігі затбелгісінде көрсетілген QR кодты сканерлеңіз.
3. Кір жуғыш машина қателер кодын бергенде, жөндеу үшін міндетті түрде біздің сатудан кейінгі қызметімізге хабарласыңыз. Рұқсат етілмеген жөндеуден туындаған проблемалар үшін біз жауапкершілік көтермейміз.
4. Егер сізге керек-жараққа тапсырыс беру қажет болса, біз оларды сұратудан кейінгі 15 жұмыс күні ішінде жібере аламыз.
5. Бүкіл кір жуғыш машинаның жұмысын жақсарту мақсатында сыртқы түрі мен техникалық сипаттамалары қосымша ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
6. Цикл аяқталғаннан кейін 10 минут бойы дисплей тақтасында «END» көрсетілуге тиіс.



Designed for perfect life!



Пожалуйста, сохраняйте руководство по эксплуатации. Оно поможет вам уточнить информацию и разрешить возникшие вопросы.

Произведено в Китае.

"TCL HOME APPLIANCES (HEFEI) CO. LTD.",
No.10, Yunhu road, Economic and development
zone, Hefei city, Anhui province, Китай.



Уполномоченное лицо на территории РФ
ООО «Дельвента»

115230, Москва г, ш. Каширское, дом 13Б,
этаж 8, помещ. 1, ком. 6

Обратная связь: info@delventa.ru

CE

EAC